№9 (477)
30 қыркүйек
2022 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# Ұстаз мерейі әрқашан жоғары



8-9 бб

## Осы санда

ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ — КЕЗЕГІ КЕЛГЕН ӨМІР АҒЫСЫ


4-5 бб

ПЛАКАТ С НАДПИСЬЮ «ZHUBANOV UNIVERSITY» НА ВЕРШИНЕ ЭВЕРЕСТА


14-15-стр

СТОЛОВЫЕ В НОВОМ СТИЛЕ


16-стр

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Қыркүйек айының екісі күні Қостанай облысы Әулиекөл ауданындағы «Басаман орман шаруашылығы мекемесі» КММ екі орман шаруашылығының аумағында өрт шықты. Өрттің аумағы екі күн ішінде 43 мың гектардан асты. Отқа оранған орман алқабына жақын орналасқан бірнеше ауданның тұрғындары эвакуацияланды. Өрт салдарынан 12 адам зардап шекті, біреуі қаза тапты. Төтенше жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірге шұғыл келіп, дала өртін жою жұмыстарын бақылады, ірі өрттің салдарынан мал-мүлкінен айырылған адамдармен кездесіп, моральдық қолдау көрсетті.



"Шұғыл әрекет ету штабы отырысынан кейін Мемлекет басшысы орман өртінен зардап шеккен Аманқарағай ауылының аумағын аралады.

Мемлекет басшысы Әулиекөл ауылындағы мектепте орналасқан эвакуациялау пунктінде зардап шеккен азаматтармен кездесіп, гуманитарлық көмек тарату жұмысымен танысты.

Зардап шеккендермен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет қиын жағдайды еңсеру үшін барлық шараларды қабылдайтынын айтты.

— Өкінішке қарай, үлкен өрт болды. Дегенмен тиісті көмек көрсетіледі. Сіздердің баспанасыз қалғандарыңызды білемін. Үкімет екі, екі жарым айда сіздерге бұрынғыдан әлдеқайда жақсы жаңа үйлер салып береді, — деді Мемлекет басшысы", — делінген АқОрда kz ресми сайтында.

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының орынбасары Дмитрий Титовтың Орталық коммуникациялар қызметінде берген брифингіде айтқаны бойынша өрт кезінде 191 үй өртеніп кеткен, 2 мыңнан аса адам эвакуацияланған. Бүгінде олардың барлығы өз үйлеріне оралған. Өртпен күресуге ҚМ, ТЖМ, ІІМ, жергілікті атқарушы органдардың 2 мыңнан аса қызметкері, сондай-ақ 211 техника жұмылдырылыпты.

7 қыркүйек күні Әулиекөл ауданындағы табиғи өрттер локализацияланып, 10 қыркүйекте өрт толық ауыздықталды.

## ЗАБОТА ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА

2 сентября на территории двух лесхозов Басаманского лесхоза в Аулиекольском районе Костанайской области возник пожар. Площадь возгорания за двое суток превысила 43 тысячи гектаров. Были эвакуированы жители нескольких районов вблизи горящего леса. В результате пожара пострадали 12 человек, один погиб. В связи с чрезвычайным положением Глава государства Касым-Жомарт Токаев в срочном порядке прибыл в регион, лично наблюдал за ходом работ по тушению лесного пожара, встретился с костанайцами, потерявшими имущество и дома в результате крупного возгорания, оказал моральную поддержку.

«После заседания оперативного штаба Глава государства посетил территорию села Аманкарагай, пострадавшего от лесного пожара. Президент встретился с жителями в эвакуационном пункте, расположенном в школе поселка Аулиеколь, и ознакомился с работой пункта выдачи гуманитарной помощи. В ходе встречи с пострадавшими Касым-Жомарт Токаев заявил, что Правительство примет все меры для выхода из сложной ситуации.

— К сожалению, был большой пожар. Однако соответствующая помощь будет оказана. Я знаю, что вы потеряли жилье. Государство построит вам новые дома, намного лучше прежних, за два, два с половиной месяца, — сказал глава государства», — написали на официальном сайте АкОрда кз.

Как сообщил заместитель председателя Комитета противопожарной службы МЧС РК Дмитрий Титов на брифинге Службы центральных коммуникаций, во время пожара сгорел 191 дом, эвакуировано более 2 тысяч человек. Сегодня все они вернулись в свои дома. На тушение пожара мобилизовано более 2000 сотрудников Минобороны, МЧС, МВД, местных исполнительных органов, а также 211 единиц техники.

7 сентября в Аулиекольском районе локализованы природные пожары, а 10 сентября пожар полностью потушен.

## THE CONCERN OF THE HEAD OF STATE

On September 2, a fire broke out on the territory of two forestry enterprises of the Basaman forestry in the Auliekolsky district of the Kostanay region. The area of ignition for two days exceeded 43 thousand hectares. Residents of several areas near the burning forest were evacuated. As a result of the fire, 12 people were injured, one died. In connection with the state of emergency, Head of State Kassym-Jomart Tokayev urgently arrived in the region, personally observed the progress of work to extinguish the forest fire, met with Kostanay residents who had lost their property and houses as a result of a major fire, and provided moral support.

"After the meeting of the operational headquarters, the Head of State visited the territory of the village of Amankaragai, which suffered from a forest fire. The President met with residents at the evacuation point located in the school of Auliekol village and got acquainted with the work of the point for issuing humanitarian aid. During a meeting with the victims, Kassym-Jomart Tokayev said that the Government would take all measures to get out of the difficult situation.

- Unfortunately, there was a big fire. However, appropriate assistance will be provided. I know that you have lost your home. The state will build new houses for you, much better than the previous ones, in two, two and a half months," the head of state said", - wrote on the official website of Akorda kz.

As Deputy Chairman of the Fire Service Committee of the Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan Dmitry Titov said at a briefing of the Central Communications Service, 191 houses burned down during the fire, more than 2 thousand people were evacuated. Today they all returned to their homes. More than 2,000 employees of the Ministry of Defense, the Ministry of Emergency Situations, the Ministry of Internal Affairs, local executive bodies, as well as 211 pieces of equipment, were mobilized to extinguish the fire. On September 7, natural fires were localized in the Auliekol district, and on September 10, the fire was completely extinguished.



☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫ ТУРАЛЫ КІТАП БЕСТСЕЛЛЕР ҚАТАРЫНДА

Ағылшын тіліндегі «Орталық Азиядағы білім беру: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер калейдоскопы» кітабы академиялық журналдар мен кітаптар шығаратын танымал "Springer" (Шпрингер) шетелдік баспасынан 2020 жылы жарық көрген екен. Содан бері құны 100 еуро тұратын бұл кітапты сатуда "Springer" 85 миллион теңгеге жуық пайда тапқан. Бұл жөнінде ҚазАқпарат халықаралық ақпарат агенттігі хабарлады.

Кітаптың Қазақстанның білім беру саласына қатысты бөлімін жазып шыққан автор — Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова.

Ғалым жуырда жағымды жаңалығымен бөлісіп, "2020 жылы "Springer" баспасынан ағылшын тілінде Орталық Азия елдерінің білім беру саласына арналған кітап жарық көрген еді. Енді міне сол кітабымыз беделді баспаның 100 үздік бестселлерінің қатарына енипті. Бұл халықаралық ғылыми ортада аймақ, еліміз туралы зерттеуге сұраныс жоғары екенін көрсетеді. Кітаптың бір бөлімі Қазақстандағы үштілді білім беру жүйесіне арналды. Еліміздің білім беру саласындағы 15 жыл ішінде жүргізілген реформаны толықтай талдап шықтым" деп жазды Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында.

Сондай-ақ Лаура Қарабасова Қазақстанда үштілді білім беру саясаты кезінде толығымен қолдау тапқанымен, соңғы жылдары «үштілділік» мәселесі жағымсыз тұрғыдан көбірек айтылып кеткеніне орай пікір білдірді.

"Жалпы үш тілді білу жаман идея емес екені анық. Мұндай жобаны іске қосқанда оны жүзеге асыру механизмдері үлкен рөл ойнайды.

Үштілді реформа туралы айтқанда, назарымыз ағылшын тіліне ауып кетті. Мысалы, орыс тілді мектептерде пәндерді қазақ тілінде оқытуға мән берілмей қалды. Одан бөлек мектептер мен университеттер бағдарламаны жүзеге асыруға, оның ішінде әдістемелік, концептуалды жағынан аз үлес қосқаны байқалады.

Үштілді білім беру жүйесін қанша сынағанымызбен, реформаның жақсы тұстары көп. Мысалы, жаратылыстану бағытындағы және информатика бойынша пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің ағылшын тіліне қызығушылығы жоғары. Олар бүгінде ағылшын тілін меңгеріп, пәнді сол тілде жүргізуге үйреніп қалды. Егер осы мәселені зерттеп, талдайтын болса, еліміздің мектептерінде ағылшын тілінде аталған пәндерді шебер жүргізе алатын біраз мұғалім бар екені анықталар еді.

Осы уақытта Қазақстанда әдістемелік, материалдық база жағынан жақсы потенциал қалыптасты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жаңа Жолдауында да үш тілді оқытудың маңызы айтылды. Сол себепті әр облыс, әр мектеп өзінің мүмкіндігіне қарай кейбір пәндерді оқушылармен, ата-аналармен ақылдаса отырып ағылшын тілінде жүргізуіне болады деп есептеймін. Жоғары оқу орындары да өз моделімен жобаны әрі қарай жалғастыруларына барлық мүмкіндік бар", — деді ректор.

Егер "Springer" баспасы жайлы айта кетсек, оның дүниежүзі бойынша 70 Баспа үйі бар, штатында 7 мың қызметкер еңбектенетін ірі концерн. Концерннен жылына шамамен 3 мың журнал, 8,5 мың кітап басылып шығады. Концерннің жылдық сауда айналымы 1 млрд. еуроны құрайды.

## КНИГА О РЕФОРМЕ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ЧИСЛЕ БЕСТСЕЛЛЕРОВ

Книга «Образование в Центральной Азии: калейдоскоп вызовов и возможностей» на английском языке вышла в 2020 году в популярном зарубежном издательстве "Springer" (Шпрингер), которое выпускает академические журналы и книги. С тех пор "Springer" заработал около 85 миллионов тенге на продаже книги стоимостью 100 евро. Об этом сообщает Международное информационное агентство "Казинформ".

Автором главы книги о казахстанском образовании является ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

"В 2020 году издательством "Springer" была выпущена книга, посвященная образованию стран Центральной Азии на английском языке. Труд вошел в топ-100 бестселлеров престижного издательства. Это говорит о том, что в международной научной среде высок спрос на исследования о нашем регионе, стране. Одна глава книги была посвящена трехъязычной системе образования в Казахстане. Я полностью проанализировала реформу, проведенную в течение 15 лет в сфере образования нашей страны", - написала на своей странице в Facebook Лаура Карабасова. Также она выразила мнение, что в Казахстане несмотря на полную поддержку политики трехъязычного образования, в последние годы вопрос «трехъязычия» звучал в негативном ключе.

"Очевидно, что знание трех языков в целом не плохая идея. При запуске такого проекта большую роль играют механизмы его реализации.

Говоря о трехъязычной реформе, наше внимание переключилось на английский язык. Например, преподавание предметов на казахском языке в русскоязычных школах стало второстепенным. Нужно отметить и то, что школы и университеты не внесли большой вклад в реализацию программы, в том числе методически, концептуально.

Чем больше мы критикуем систему трехъязычного образования, тем больше плюсов реформы видим. Например, учителя естественнонаучного направления и преподающие информатику имеют повышенный интерес к английскому языку. Сегодня они освоили английский язык и научились вести предмет на нем. Если изучать и анализировать этот вопрос, то выяснилось бы, что в школах страны есть несколько учителей, которые могут умело вести данные предметы на английском языке.

За это время в Казахстане сформировался хороший потенциал в плане методической, материальной базы. В новом Послании Президента Касым-Жомарта Токаева народу также было озвучено значение трехъязычного обучения. Поэтому считаю, что каждая область, каждая школа по своему усмотрению могут вести некоторые предметы на английском языке, консультируясь с учащимися, родителями. Вузы также имеют все шансы продолжить проект со своей моделью", - сказала ректор.

Если говорить об издательстве "Springer", то оно имеет 70 издательских домов по всему миру. Это крупный концерн, в штате которого трудятся 7000 сотрудников. В год здесь издается около 3000 журналов, 8500 книг. Годовой торговый оборот концерна составляет 1 млрд. евро.

## A BOOK ABOUT THE REFORM OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN AMONG THE BESTSELLERS

The book “Education in Central Asia: A Kaleidoscope of Challenges and Opportunities” was published in English in 2020 by the popular foreign publishing house Springer, which publishes academic journals and books. Since then, "Springer" has earned about 85 million tenge from the sale of a book worth 100 euros. This was reported by the Kazinform International Information Agency. The author of the chapter of the book on Kazakhstani education is the rector of Zhubanov University Laura Karabasova.

"In 2020, the Springer publishing house published a book dedicated to the education of the countries of Central Asia in English. The work entered the top 100 bestsellers of a prestigious publishing house. This indicates that in the international scientific community there is a high demand for research on our region, country. One chapter of the book was devoted to the trilingual education system in Kazakhstan. I fully analyzed the reform carried out over 15 years in the field of education in our country," Laura Karabasova wrote on her Facebook page. She also expressed the opinion that in Kazakhstan, despite the full support of the policy of trilingual education, in recent years the issue of “trilingualism” has sounded in a negative way.

"Obviously, knowing three languages is generally not a bad idea. When launching such a project, the mechanisms for its implementation play an important role. Speaking of trilingual reform, our attention has shifted to English. For example, the teaching of subjects in the Kazakh language in Russian-language schools has become secondary. It should also be noted that schools and universities have not made a great contribution to the implementation of the program, including methodically and conceptually. The more we criticize the system of trilingual education, the more we see the advantages of the reform. For example, teachers of the natural sciences and teaching computer science have an increased interest in the English language.

Today they have mastered the English language and learned how to teach the subject in it. If we study and analyze this issue, it would turn out that there are several teachers in the country's schools who can skillfully teach these subjects in English. During this time, a good potential has been formed in Kazakhstan in terms of methodological, material base. In the new Message of President Kassym-Jomart Tokayev, the importance of trilingual education was also voiced to the people. Therefore, I believe that each region, each school, at its own discretion, can conduct certain subjects in English, in consultation with students and parents. Universities also have every chance to continue the project with their own model," the rector said.

If we talk about the publishing house "Springer", then it has 70 publishing houses around the world. This is a large concern, which employs 7,000 employees. About 3,000 magazines and 8,500 books are published here annually. The group's annual turnover is 1 billion euros.

The best teacher

# ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ —

**Нұрбол Абдуллаұлы САДУАҚАС Zhubanov University "Қазақ филологиясы" кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Білім беру ісінің үздігі, "Қ.Жұбанов" медалінің, "Университетті дамытудағы еңбегі үшін" медалінің иегері**



**Н.А.Садуақас 1959 жылы 3 наурызда Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында дүниеге келді. Балалық шағы Алтай ауылында өтті, сонда 1966-1976 жылдары орта мектепте оқыды. Оқуын бітірген соң комсомол-жастар бригадасына қалып, шопан болып еңбек жолын бастады. 1977-1979 жыл аралығында Ресейдің Свердловск (Екатеринбург) облысы, Нижный Тагил қаласында әскер қатарында болды. Туған жерге оралған соң бір жыл жұмысшы болып, совхоз шаруашылығында көмекші шопан, машина-трактор жөндеуші слесарь, жылыту қазандығының кочегары сияқты әртүрлі жұмыстар атқарды. 1980-1984 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық (қазіргі Махамбет Өтемісұлы атындағы БҚМУ) институты филология факультетінде оқып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірді.**

1984-1994 жылдары Алтай ауылына оралып, орта мектепте «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді, кейін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады.

1994-1995 оқу жылын Ақтөбе қаласы іргесіндегі Қарғалы ауданының қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастайды. Сол жылы Ақтөбе педагогикалық институтына (қазіргі Zhubanov University) оқытушылық қызметке шақырылады. Содан бері қазірге дейін осында қызмет етіп жатыр.

1996-1999 жылдары 0219 — «Жалпы тіл білімі» мамандығы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті жанындағы аспирантураның сырттай бөлімінде оқыды. 1999 жылы 22 қазанда Алматы қаласындағы ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы Д 53.38.01 диссертациялық ғылыми Кеңесте 10.02.02-Қазақ тілі мамандығы бойынша «Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаттығына жазған диссертациясын қорғады. ҚР Білім және ғылым министрлігі (қазіргі ҚР Оқу-ағарту министрлігі) Жоғары аттестациялық комитетінің шешімен 2004 жылы филология ғылымдарының кандидаты Н.А.Садуақасқа «Тіл білімі» мамандығы бойынша «Доцент» ғылыми атағы берілді.

Оның авторлығымен 1 монография, 1 ұжымдық монография, 1 ұжымдық әдістемелік нұсқау, 7 оқу құралы, 8 оқу-әдістемелік құралы, 1 жаттығулар жинағы, 3 биобиблиографиялық көрсеткіш және 200-ден аса ғылыми және әдістемелік мақалалар жарияланды.

ЖОО-дағы жылдарында аға оқытушы, доцент, «Жұбановтану» ғылыми зерттеу орталығының директоры, "Қазақ тілін оқыту" орталығының директоры, "Қазақ әдебиеті" кафедрасының меңгерушісі, «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазір доцент Н.Садуақас осы жылдың наурыз айында зейнеткерлікке шығып, келісімшарт негізінде "Қазақ филологиясы" кафедрасында доцент болып педагогикалық қызметін жалғастырып жатыр.

Әріптестері оны әр ісінен өнегелілік, жүзінен мейірім төгіліп тұратын кішіпейіл, ұжымдастары мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленген құрметті азамат ретінде сыйлайды.

Ол жұбановтанушы ғалым ретінде де қадірлі.

Нұрбол Садуақастың «Профессор Қ.Жұбанов — қазақ фонетикасының ғылыми курсын жасаушы», «Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі буын туралы тұжырымдары», «Қ.Жұбанов еңбектеріндегі фонетикалық терминдер», «Құдайберген Жұбанов — полиглот ғалым», «Профессор Қ.Жұбановтың фонологиялық танымдары», «Қ.Жұбановтың қазақ жазуы мен әліпбиіне қатысты көзқарастары» ғылыми еңбектерінде профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы мен фонологиясына қатысты танымдарына талдау жасап, ғылыми айналымға енгізді. Университетте «Жұбановтану» ғылыми пән ретінде «Қазақ филологиясы» мамандығы студенттеріне оқытылуында Н.Садуақастың еңбегі елеулі.

Ғалым мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру ісіне белсене араласады. Мемлекеттік тіл мәселесі жөнінде өткізілген барлық шараға қатысып, баяндама жасап, мақалалар жариялап, жергілікті БАҚ арқылы да ойын білдіріп, қоғамда мемлекеттік тілдің өзекті мәселелерін қозғап келеді.

Мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге жазуымызды латын әріптеріне көшірудің маңызы зор. Бұл істің басында да ғалымды жиі көруге болады. Ол ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия» жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі болды.

Осы "Zhubanov University" облыстық ақпараттық-танымдық газетінде 2019 жыл бойы "Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі мен жазуын үйрету сабақтарын" жүргізді.

Өте қарапайым, үлкен істерді жаһанға жар салмай тындырып жүретін, өз ісінің жүйрік шебері сұхбат беруін сұраған өтінішімізді қабылдағанмен, асыға қоймады.Сол қарапайымдылығы себеп. Ал сұхбатынан соң әріптестің өмірдің түрлі өткелдеріндегі қайсарлығы, табандылығы, адалдығы қайран қалдырды. Сыйымыз артты.

Ғалыммен ашық-жарқын әңгімелескен Гүлнара Қараша.

## Зейнетке шығу — кезегі келген өмір ағысы

**— Нұрбол Абдуллаұлы, қызыққан сұрағымды бірден қояйыншы, зейнет жасына жеткен күнде қандай сезімді кештіңіз?**

— Өткенге ой жіберген кезде адам алаңсыз балалық балдәурен шағын, он сегіз бен жиырма бестегі жастық кезеңді алдымен еске алады. Адам өмірінің әр кезеңінде бұдан басқа да, мектеп бітіру, оқуға түсіп, мамандық игеру, отбасын құру, балалы болу, баласының жетістіктерін көру сияқты, толып жатқан қуанышты сәттер көп болады. Биыл жазда мен де келін түсіріп, баламның шаңырақ құрғанын тойладым. Осы қуанышым «Енді немерелі болсам» деген оймен жалғасып барады. Зейнетке шығу жасымды да осы секілді кезегі келген өмірдің ағысы деп қабылдадым. «Басты байлық — денсаулық» дейді ғой, осы күнге, көлденең қиындыққа тап келмей, аман-есен жетіп, жұмысымды абыройлы атқарып, еңбек демалысына шығып жатқаныма Аллаға шүкірлік жасаймын. «Өткен күн — ұшқан құс, шақырсаң да келмейді» деген, өткенге қарай бермей, әр адам өз жасына сай болып, алдына қарап, кейінгі ұрпаққа дұрыс жол көрсетіп отыруы керек деп білемін. Қазір өзім еңбек еткен кафедрамдағы жұмысымды одан әрі жалғастырып, оқу-ғылыми үдеріске үлесімді қосып, жас әріптестеріме қолымнан келгенше көмектесіп, жүріп жатырмын.

## Жұмыстың оңайы жоқ

**— Педагогика саласында ұзақ жыл толассыз еңбек ету, маман тәрбиелеу, білім беру саласындағы жиі болатын реформалар, осының бәрі шаршатып жіберген кездерде, әрине бұл менің жеке ойым ғой, дегенмен педагогтің өмірі оңай емес, алға жүруге мотивацияны неден табатын едіңіз?**

— Алдымыздағы үлкендердің: «Қай жұмыстың да қиындығы мен қызығы қатар жүреді, жұмыстың оңайы жоқ, оның ыңғайын таба білу керек», — деген сөздерін естіп өстік. Ауыл баласы болғандықтан жастайымыздан үйдегі малды бағып, тіпті совхоздың шопандарына да қой қоздату науқандарында көмекке баратынбыз. Сондай жұмысқа аттанар алдында шешем: «Уақытында тамақ іше алмадым, ерте тұрғызды, ұйқым қанбай қалды, жұмысы таусылмайды» деген сылтауларды естімейтін болайын. Сен шопанның үйіне қонаққа, немесе демалысқа бара жатқан жоқсың, оның саған қарауға мұршасы болмайды, қандай қиындық болса да, оны жеңуің қажет. Сен үйдің үлкенісің, іні-қарындастарың саған қарайды», — деп шығарып салатын. Кейбір достарым әлгіндей сылтауларды айтып, ауылға қашып келіп жатқанда, кеткім келсе де, амалсыз, соңғы күнге дейін жадапжүдеп, әзер шыдап, шопанның алғысын алып қайтатынмын. Анамның әлгіндей сөздері арқылы бойға сіңген қасиеттердің арқасында әлі күнге жұмысыма өте жауапкершілікпен қараймын. Ал мұғалім болу, ғылыммен айналысу өзімнің қалап алған жолым болғандықтан, «Серт берген шегінбес, Еңбектенген ерінбес» дегендей, ешқашан шаршап-шалдығуды сезінген емеспін. Жаңағы айтқанымдай, әулетімiздің үлкені ретінде өзімнен кейінгі іні-қарындастарыма, балаларыма жақсы тәрбие беріп, дұрыс жол көрсету керек деген ой маған үнемі күш беріп келеді.

## Ғылыммен айналысуға 37 жасымда мүмкіндік алдым

**— Ғұмырдерегіңізге үңілгенде, бала шағыңыздан тәртіпті, тиянақты болып көрінген едіңіз. Шынымен де солай екен. Тағы**

# КЕЗЕГІ КЕЛГЕН ӨМІР АҒЫСЫ

**бір сұрағым келгені, қашан кездестірсем де, жайсаң қалпыңыз. Ал атқарып жүретін ісіңіз шаш етектен. Көркем мінез кімнен дарыған?**

— «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сөз бар. Шынында да, бала естігені мен көргені арқылы тәрбие алады. Әкем совхозда бас агроном болды. Оның үйге жалғыз келгенін көрмеппіз, қасына қашанда екі-үш адам қонақ болуға ере келеді. Ал анам дастарқан жайып, қонақтардың жайын жасап, астың дәмдісін солардың алдына қойып, қыс кезі болса, олардың етіктерін жылы жерге тасып жүреді. Біз де ерте тұрып, сол қонақтармен таласа-тармаса бетімізді жуып, бір дастарқаннан тамақтанып, сабағымызға кетеміз.

Кешкісін әлгі қонақтар қайта келеді, немесе бірі келмесе де, олардың орнына басқасы алмасып, әйтеуір, тағы үш қонақ келіп тұрады. Ауыл адамдарына тән ортақ осындай қонақжайлық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет дегендей тәлім-тәрбиені алып өстік.

Біздің отбасымыздағы он баланың, апамнан кейінгі, ең үлкені мен болдым. Сондықтан ата-анама көмектесуді міндетім деп санап, институт бітірген соң ауылдағы мектебіме оралып, он жыл мұғалім болдым. Әкем қайтыс болған соң, жас болсам да, өзімнен кейінгі бауырларымның оқып, адам болуы жолында зейнеткерлікке шыққан анама сүйеу болдым. Бауырларымның оқуы, жұмысқа орналасуы, шаңырақ құруы дегендей шаруаларын атқарып, жасым қырыққа жақындағанда қалаға келіп, өзім арман еткендей, институтқа орналасып, ғылыммен айналысуға мүмкіндік алдым. Қалаға келсем де, өзімнен кейін осы жаққа біртіндеп ілесе келген бауырларымның жағдайын, олардың мәселелерін әрқашан бірінші кезекке қойып келемін. «Аға — бордан, іні — зордан» дегендей, мен қаласам да, қаламасам да, кейде ренжіп қалсам да, ата-анам мені кешірімді болуға, алдымен бауырларымның жайын ойлауға, «Жоғарыласаң аспа, төмендесең саспа» деп бірқалыпты болуға тәрбиелеген.

## Жастайымнан еңбекпен шынықтым

**— Жас кезіңізде бірнеше кәсіпті меңгеріпсіз, көмекші шопан, машина-трактор жөндеуші слесарь, жылыту қазандығының кочегары. Ер азаматқа нағыз керек дағдылар екен. Кейін тұрмыста пайдасы болды ма?**

— Біздің мектеп бітірген кезімізде Семей облысы, Шұбартау ауданы мектеп бітірушілерінің туған жерді көркейту мақсатында ауылда жастар бригадасын құрып, қой бағу туралы үндеуі болды. Осы үндеуді қолдау үшін мектеп бітіруші ауыл жастарын оқуға жібермей, қой бағуға алып қалып жатты. Солардың қатарында менің де қой бағуыма тура келді. Одан кейін жауынгерлік борышымды атқарып келгеннен соң да ауылда жұмысшы болып, әртүрлі шаруаларға араластым. Содан кейін ғана институтқа түсуге мүмкіндік болды. Осындай әртүрлі шаруалармен он жылым өтсе, одан кейін ауыл мұғалімі болып он жыл жұмыс жасап, университетке дейін жиырма жыл еңбек өтілін жинақтаппын. Кейіннен әлгі аталған ауыл шаруашылығындағы жұмыстарды атқармасам да, осы жұмыстардың бәрі менің өмірлік тәжірибе алып, шырығуыма себеп болған сияқты. Бүкіл халқымыз тоқсаныншы жылдардағы қиындықты бастан өткергені сияқты, мен де түнімен, басқалар секілді, әртүрлі сауда жұмыстарын жасап, арасында сатушының аядай дүңгіршегінде түнімен диссертацияма қарап, күндіз оқытушылық міндетімді атқарып, ағайын-бауырларымның да жағдайын қарауға үлгеріп жүрдім. Бұл бір жағынан жастайымнан еңбекке шыныққанымның пайдасы болса, екінші жағынан қайран жастықтың күші деп білемін.

## Ақын-жазушы болуды армандадым

**— Қазақ тілі мен әдебиетіне қызығушылық бекерден болмайды. Ал сіз қазір осы саланың мықты маманысыз. Бәрі қалай басталды?**

— Өзім тұстас балалар сияқты ол кезде кітапханадан шықпай, көп кітап оқыған баланың бірімін. Сол кітаптардың авторларына еліктеп, ақын-жазушы болуды армандап өскенбіз. Мектепте ауызекі сөйлеуден гөрі шығарма жазуға бейім болдым. Бұған білікті мұғалімім де себепкер болған шығар. Институтта төртінші курста оқып жүргенімде студент-жастардың ғылыми конференциясына дайындаған баяндамамды ұстаздарым жоғары бағалап, ғылыми жұмысқа деген талпынысымды оятқандай болған. Ауылға оралған соң да бұл арманым жүрегімнің бір бұрышында тұрды. Мектепте пәнді оқытуға қатысты әдістемелік бағытта қалам тартып жүрдім. Университетте ғылыми жұмысқа барынша жағдай жасалды. Докторлық ғылыми жұмысымды талқылаудан өткізіп қапылсам да, қорғау тәртібі жаңа жүйеге ауысып кетуіне байланысты үлгермей қалдым.

## Батыр қыздың жарымын

**— Сізбен сұқбаттаса отырып, өмірлік серігіңіз жөнінде сұрай кетуге болатын шығар?..**

— Жұбайым Гүлсім де педагог. Екі мамандықтан жоғары білімі бар. Осы өзіміздің университет түлегі. Алдымен «Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығын игерсе, кейін «Дефектолог-логопед» мамандығын оқып алды. Қазір қаладағы бір орта мектепте еңбек етеді. Гүлсімге қатысты бір қызық деректі айта кеткім келеді. Гүлсім алты жасынан оқуға барып, он алты жасында мектеп бітіріп, мен сияқты мектеп бітірген бойда шопандар бригадасына қалып, қой баққан. Ол кезде жиналған шөп қорын үнемдеу үшін, қой отарын қыста да екі-үш сағат далаға жайғызатын болған. Бір күні, желтоқсан айының соңғы күндері екен, кезегі келген Гүлсім қыстақтың іргесіне қой бағып шығады. Бір кезде күн райы әп-сәтте бұзылып, күн көзі көрінбей, боран басталып кетеді. Боранда желге ыққан қойлар қайыру бермей, ауылдан алыстай берген. Отардың шашырап кетпеуін ойлаған Гүлсім амалсыз қойдың соңынан еріп, оларды ықтататын сай-сала кездескенше әрлі-берлі қойды айнала шауып, біріктіріп ұстауға күш салған. Аты жүрмей қалған соң, жаяулата жүгіріп, боранмен алысады.



Хабарланған ауыл адамдары оны іздеуге шығады. Ауданнан көмекке шақырылған тікұшақ бораннан әуеге көтеріле алмайды. Көп ұзамай Гүлсімнің аты шылбырын сүйретіп ауылға келеді.

Жұрт сонда да үміт үзбей, екі күн талмай іздейді. Екі күн бойы Гүлсім қойын түнде сай-салаға паналатып, күндіз қайта ығып, әйтеуір, отарын аман сақтап қалады. Іздеушілер тапқанға дейін Гүлсім 38 сағат боранмен алысып, 72 шақырым жол жүреді. Оны көрші ауданның елсіз даласынан табады. Отары түгел, өзі аман-есен. Он алты жасар қаршадай қыздың түтеген боранда айдалаға бір отар қойды тастап кетпей, өжеттік, ерлік көрсеткені туралы Мәскеу, Алматы, облыс, аудан басылымдарына жарыса жазылып, бүкіл Одақ көлеміне батыр қыз болып танылады.

Қазірге дейін ауылдың көнекөздері оның атын «Батыр қыз» деп мақтанышпен айтады. Әдетте, қазақтың шежірелерінде қыздарды атамаса да, Назар руына, Сәңкібай батыр ұрпақтарына арналған шежіре кітаптарына Гүлсімнің есімін «Батыр қыз» деп енгізген. Кезінде «Комсомольская правда», «Коммунизм жолы», «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» сияқты үлкен басылымдарда Гүлсім туралы көптеген мақалалармен бірге көркем әңгіме де жазылды. Биыл батыр қыздың ел сүйсінткен ерлігіне қырық төрт жыл толады алдағы желтоқсанда. Сол айда амандық болса зейнет демалысына шығады. Мен осындай батыр қыздың жарымын.

## Елдің әдебиетін, тарихын, мәдениетін тереңірек түсіну ана тілінде сөйлеп, ұғына алатын адамға ғана тән

**— Тіл маманынан тілдің бүгінгі жайы туралы пікір сұрамаған жөн болмас...**

— Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл — ұлттың жаны» деген. Қазір елімізде қазақ тілін білмей-ақ өмір сүріп, мемлекеттік, қоғамдық жұмыстар атқарып жүргендер көп, тіпті, көбейіп барады десем де болады.

Ал елдің әдебиетін, тарихын, мәдениетін тереңірек түсіну ана тілінде сөйлеп, ұғына алатын адамға ғана тән. Түсінген соң ол өз елінің мұң-мұқтажын, арман-мақсатын да басқалардан тереңдеу сезінеді. Өзге тілде сөйлеп, өзге тілде ойлап, менталитеті басқаша қалыптасып жатқандарға өкпелеудің қажеті жоқ. Ондай адамдар қанша талпынса да қазақ бола алмайды. Біз қазір қазақ мектебі көбейді дегенді тілге тиек етеміз. Күнделікті тіршілік қамы өзге тілде болған соң, жұрттың бәрі өзге тілге бейімделіп барады. Барлық салада мемлекеттік тіл салтанат құрмайынша, елді алдыңғы қатарға қосамыз деу бос қиял деп ойлаймын.

Басты жаңалықтар · Главные новости · Main news

# "ЖАРМОЛА ЖӘРМЕҢКЕСІ" ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ



Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылында "Жармола жәрмеңкесі" ескерткіші киелі объекті ретінде саналады. Ескерткіш 1870 жылмен даталанған.

Сол жылдары Ырғыз қазақтарының мол, арзан шикізаты туралы естіген қиыр-қиырдағы әр ұлттың саудагер адамдары Ырғызға ағылған.

Нақ осы тұста Ырғыз бойына жан-жақтан көшіп келген қоныстанушылар көбейеді.

Өлке тарихының бастауына сәл шегінсек, Торғай облысының Орта Азиямен байланыс орнатуға қолайлы жеріне орналасқан Ырғыз бекінісінің іргe тасы 1845 жылы қаланып, 1869 жылы Ырғыз уездік қала статусы беріледі. Уездік Ырғыз қаласында ресми түрде жәрмеңке өткізуге 1870 жылы 19 қарашада рұқсат етілген. Сол кезден бастап Ырғыз уезінде капиталистік қатынастың белгісі ретінде сауда жүйесі қалыптаса бастады. Соның бірі — 19-ғасырдың екінші жартысында бүкіл Қазақстан мен Ресей, Орта Азия жұртшылығына кеңінен танымал болған, ел ішінде Жармола жәрмеңкесі деп аталып кеткен осы жәрмеңке жұмыс жасады.

Жәрмеңке жылына екі рет, 6-20 маусым және 25 қыркүйектен 8 қазанға дейінгі аралықта тұрақты түрде өткізіліп тұрған.

Жәрмеңкеде Ырғыз өзені, үлкен және кіші Жалаңаш, Сәңкібай, Құтикөл, Талдыкөл, Сорқөл көлдерінен ауланған балық саудасы қызған. Сонымен бірге, жергілікті адамдар өтімді болғасын тышқан, күзен, борсық, түлкі аулап, олардың терілерін жәрмеңкеде саудагерлерге өткізіп, пайда тапқан.

Ырғыз уезінің тұрғындары Орынбор,Тройцк, Орск(Жаманқала) және көршілес Ақтөбе, Темір, Қостанай уездеріндегі өткізілетін жәрмеңкелерге қатысып, мал өнімдерін өткізген, орнына жәрмеңкеден тұрмысқа қажетті ыдыс-аяқ, құрал-сайман сатып алып, немесе келісімді бағамен айырбастайтын болған. Жармола жәрмеңкесі тұсында Ырғызда егін шаруашылығы дамып, астық өнімі өндіріліп, саудаға түскен.

Жармола жәрмеңкесі Ырғыз қаласының экономикалық-әлеуметтік дамуына зор ықпалын жасады. Заманына лайық жаңа құрылыс нысандары салынды. Мысал үшін Ырғыздағы поштателеграф үйін, бір көше бойын түгел алып тұрған татар саудагерлерінің бір қабатты үйлерін айтуға болады.

Қыркүйек айында "Жармола жәрмеңкесін" қайта жаңғырту мақсатында, шежірелі Ырғыс жерінде үлкен шара өтті. Тарихи жәрмеңкеге 152 жыл толыпты. Осы жылдар аралығында ұмытыла бастаған мәдени, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-дәстүрлік маңызы ерекше бұл шараны қайта өткізе бастауды өңірдегі өлкетанушылар ұсынған. Шараға облыс басшысы Ералы Тоғжанов қатысты.

"Тарихтан белгілі, XIX ғасырдың соңғы ширегінде, Батыс Қазақстанда, оның ішінде Ақтөбе облысында Ырғыздағы «Жармола», Темірдегі «Қарақамыс», Ойылдағы «Көюкар», Ақтөбедегі «Ақтөбе» жәрмеңкелері даму тұрғысынан ірі орталыққа айналып, халықтың сауда мәдениетін дамытуда зор бетбұрыс туғызған.

Соның нәтижесінде қазақ даласындағы арзан шикізат тауарлары Ресей патшалығы арқылы алыс-жақын шетелге сатылып, олардың орнына халық тұтынатын түрлі тауарлар әкелінген.

Аталған жәрмеңкелер Орта Азиядағы Бесқаламен, Ресейдегі Орскі, Орынбор арқылы сауда қатынастарын дамытуға үлес қосты. Сонымен қатар, ұлттық өнерді насихаттайтын әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму орталықтарына айналды.

Облыс аумағындағы тарихи жәрмеңкелерді жаңғырту және өлке туризмін дамыту мақсатында алғашқы шараны Ырғыз ауданында өткізіп отырмыз. Алдағы жылдары Темір ауданында, Ойыл ауданында, Ақтөбе қаласында осындай жәрмеңкелерді жаңғыртып, мәдени-туристік кешенді іс-шаралар ұйымдастыру жоспары бар», — деп атап өтті.

"Жармола жәрмеңкесі" шарасы екі күнге созылды. Шараға Абай облысынан арнайы делегация, сондай-ақ еліміздің бірқатар қоғам қайраткерлері мен ғалымдары қатысты. Аталмыш жиында Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова да болып, әсерімен бөлісті.

"Бір топ университет ғалымдарымен бірге Ақтөбе өңіріндегі айтулы оқиға "Жармола жәрмеңкесінің" ашылуына қатыстық.

Ақтөбеден 435 шақырым жерде орналасқан тарихы терең Ырғыз ауданында өтіп жатқан бұл іс-шара аясында қолөнер шеберлерінің көрмесі, шеберлік кластары, жыр, дәстүрлі әншілердің концерттік бағдарламасы, театрландырылған көріністер, ұлттық ойындар және ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып отыр.

Іс-шараларға бойлай отырып, 19 ғасырдың жетпісінші жылдарына барып келгендей болдық. Сонымен қатар, әртүрлі саладағы әріптестерімізбен араласып, білім-ғылым бойынша ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқыладық, — деді ол.



# ВОЗРОДИЛАСЬ ЯРМАРКА "ЖАРМОЛА"

В селе Иргиз Иргизского района Актюбинской области памятник «Ярмарка Жармола» считается сакральным объектом. Монумент датирован 1870 годом. В то время в Иргиз стекались торговцы из разных регионов, прослышав о богатом разнообразии сырья по дешёвой стоимости. Именно в те годы возросло и количество переселенцев в Иргизский край.

Если заглянуть в историю, в 1845 году была возведена крепость Иргиз, которая находилась в удобном для установления контактов со Средней Азией месте Тургайского района, а в 1869 году Иргизу присвоен статус уездного города.

19 ноября 1870 года получено официальное разрешение на проведение ярмарки в уездном городе Иргиз. С тех пор в Иргизском уезде начала формироваться торговая система как признак капиталистических отношений. Одной из них является эта ярмарка, которая была широко известна жителям Казахстана, России и Средней Азии во второй половине XIX века и называлась Жармолинской ярмаркой. Ярмарка проводилась регулярно два раза в год, с 6 по 20 июня и с 25 сентября по 8 октября. На ярмарке полным ходом шла торговля рыбой, выловленной из рек и озер - Иргиз, большого и малого Жалангаша, Санкибая, Кутиколь, Талдыколь, Сорколь. В то же время местные жители охотились на мышей, норок, барсуков, лисиц и продавали их шкуры торговцам на ярмарке и получали прибыль. Жители Иргизского уезда участвовали в ярмарках, проходивших в Оренбургском, Троицком, Орском (Жаманкалинском) и соседних Актюбинском, Темирском, Костанайском уездах и продавали продукты животноводства. Покупали или обменивать по заранее согласованной цене необходимые в быту посуду и инструменты.

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



Во время Жармолинской ярмарки в Иргизе развивалось сельское хозяйство, производилась и реализовывалась зерновая продукция. Жармолинская ярмарка оказала большое влияние на экономическое и социальное развитие города Иргиз. Были построены новые строительные объекты. Например, почтово-телеграфный дом в Иргизе, одноэтажные дома татарских купцов, занимавшие всю улицу.

В сентябре на иргизской земле прошло большое мероприятие по возрождению "Жармолинской ярмарки". Исторически ярмарке исполнилось 152 года. Снова проводить ярмарку, забытую годами, предложили краеведы. Ведь событие имеет большое культурное, социально-экономическое, национально-традиционное значения. В мероприятии принял участие аким области Ералы Тогжанов.

"Из истории известно, что в последней четверти XIX века в Западном Казахстане, в том числе и в Актюбинской области, проводились ярмарки "Жармола" в Иргизе, "Каракамыс" в Темире, "Кокжар" в Ойыле, "Актобе" в Актобе. Иргиз стал крупным центром в развитии торговой культуры народа. В результате дешевое сырье из казахской степи сбывалось за границу через Российскую империю, а взамен привозились различные товары народного потребления. Эти ярмарки способствовали развитию торговых отношений с Бескалой в Средней Азии, Орском и Оренбургом в России. Кроме того, ярмарки стали центрами социально-экономического, духовного и культурного развития, продвигающими национальное искусство.

В целях модернизации исторических ярмарок на территории области и развития туризма края первое мероприятие мы проводим в Иргизском районе. В ближайшие годы планируется возрадить такие ярмарки в Темирском, Уилском районе, городе Актобе и организовать комплекс культурно-туристских мероприятий", - рассказал глава региона Ералы Тугжанов.

Мероприятие "Ярмарка Жармола" длилось два дня. В мероприятии приняла участие специальная делегация из Абайской области, а также ряд общественных деятелей и ученых страны.

Торжество посетила и ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

"Вместе с группой ученых университета мы приняли участие в открытии "Ярмарки Жармолы", знаменательного события в Актюбинском регионе.

В рамках данного мероприятия в Иргизском районе, расположенном в 435 км от Актобе, организована выставка ремесленников, мастер-классы, поэтическая, концертная программа традиционных певцов, театрализованные представления, национальные игры и ярмарка сельскохозяйственной продукции.

Побывав на мероприятиях, мы будто оказались в семидесятых годах 19 века. Кроме того, мы смогли пообщаться с коллегами, обсудить возможности сотрудничества в сфере образования и науки", — сказал она.

## FAIR "ZHARMOLA" REVIVED

In the village of Irgiz, Irgiz district, Aktobe region, the monument "Zharmol Fair" is considered a sacred object. The monument is dated 1870. At that time, merchants from different regions flocked to Irgiz, having heard about the rich variety of raw materials at a cheap cost. It was in those years that the number of migrants to the Irgiz region also increased.



If look into history, in 1845 the Irgiz fortress was erected, which was located in the Turgai region, convenient for establishing contacts with Central Asia, and in 1869 Irgiz was given the status of a county town. On November 19, 1870, official permission was received to hold a fair in the county town of Irgiz. Since then, a trading system began to form in the Irgiz district as a sign of capitalist relations. One of them is this fair, which was widely known to the inhabitants of Kazakhstan, Russia and Central Asia in the second half of the 19th century and was called the Zharmola fair. The fair was held regularly twice a year, from 6 to 20 June and from 25 September to 8 October.

At the fair, the trade in fish caught from rivers and lakes was in full swing - Irgiz, large and small Zhalangash, Sankibay, Kutikol, Taldykol, Sorkol. At the same time, the locals hunted mice, minks, badgers, foxes and sold their skins to merchants at the fair and made a profit. Residents of the Irgiz district participated in fairs held in the Orenburg, Troitsk, Orsk (Zhamankala) and neighboring Aktobe, Temir, Kostanay districts and sold livestock products. They bought or exchanged at a pre-agreed price the necessary household utensils and tools.

During the Zharmola fair in Irgiz, agriculture developed, grain products were produced and sold. The Zharmola fair had a great influence on the economic and social development of the city of Irgiz. New construction projects were built. For example, the post and telegraph house in Irgiz, one-story houses of Tatar merchants, which occupied the entire street.

In September, a big event was held on the Irgiz land to revive the Zharmola Fair. Historically, the fair is 152 years old. Local historians suggested holding the fair again, forgotten for years. After all, the event has a great cultural, socio-economic national and traditional significance.

Akim of the region Yeraly Togzhanov took part in the event. "It is known from history that in the last quarter of the 19th century in Western Kazakhstan, including the Aktobe region, the fairs "Zharmola" in Irgiz, "Karakamys" in Temir, "Kokzhar" in Oyyl, "Aktobe" in Aktobe were held. Irgiz became a major center in the development of the trade culture of the people.As a result, cheap raw materials from the Kazakh steppe were sold abroad through the Russian Empire, and in return various consumer goods were brought in. These fairs contributed to the development of trade relations with Beskala in Central Asia, Orsk and Orenburg in Russia. In addition, fairs have become centers of socio-economic, spiritual and cultural development, promoting national art. In order to modernize historical fairs in the region and develop tourism in the region, we are holding the first event in the Irgiz district. In the coming years, it is planned to revive such fairs in the Temir, Uil districts, the city of Aktobe and organize a complex of cultural and tourist events," said the head of the region Yeraly Tugzhanov.

The Zharmola Fair lasted two days. The event was attended by a special delegation from the Abay region, as well as a number of public figures and scientists of the country. The celebration was also attended by the rector of Zhubanov University Laura Karabasova. "Together with a group of university scientists, we took part in the opening of the Zharmola Fair, a significant event in the Aktobe region. As part of this event, an exhibition of artisans, master classes, a poetic, concert program of traditional singers, theatrical performances, national games and an agricultural fair were organized in the Irgiz district, located 435 km from Aktobe. Having visited the events, we seemed to be in the seventies of the 19th century. In addition, we were able to communicate with colleagues, discuss the possibilities of cooperation in the field of education and science," - she said.

☑ Teacher's Day

# ӨЗІМДІ ШӘКІРТ РЕТІНДЕ СЕЗІНІП ТҰРМЫН

# Ұстаз мерейі әр

Қыркүйектің соңғы күні Zhubanov Universityде Ұстаздар күні аталып өтті. Мерекелік концертте университет басшысы Лаура Қарабасова ұжымды құттықтап, өзін басшыдан гөрі шәкірт ретінде сезініп тұрғанын айтты.





«Шара басында ардагер-ұстаздарды тұрып қарсы алғанымыз, қолымызды шапалақтап құрмет көрсетуіміз әсерлі өтті. Сіздердің төрімізде отырғаныңыз біз үшін қуаныш, біз үшін маңызды.

Жалпы ұстаз, оқытушы, мұғалім әртүрлі ұғым. Оқытушы, мұғалім болу үшін диплом алып, ғылыми дәреже алып жұмыс істей беруге болады. Ал ұстаз болу үшін үлкен жүрек, адамгершілік, академиялық адалдық принциптеріне беріктік, жоғары адами құндылықтар қажет. Бүгін ортамызда осы аталған қасиеттерді бойына жинаған, аталған критерийлерге сай жандар көп отыр. Оған қуанамыз.

Мен бүгін алдарыңызда өзімді басшы емес, шәкірт ретінде сезініп тұрмын. Өйткені мен осы университет түлегімін. Араларыңызда мені оқытып, тәрбиелеген ұстаздарым бар.

Одан бөлек мен күнделікті қызметімде үлкен-кішілі әріптестерімнен үйренерім мол, сондықтан мен оларды құрмет тұтамын. Негізі әр өмірлік ситуация бірнәрсеге үйретеді. Осы жағынан алсақ, сіздердің әрқайсыңыз маған ұстазсыздар!», — деді ректор.

Одан соң ЖОО басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында білім блогына қатысты айтқан тапсырмалары мен ұсыныстарының жүзеге асырылуына байланысты жұмыстарды атап өтті. «Жолдауда адами капитал сапасы білімге қатысты екені айтылды. Елімізде педагог мәртебесін көтеруге қатысты шаралар жасалуда. Әсіресе мектеп мұғалімдеріне байланысты. Біздің ЖОО ұжымында да бұл бағытта игілікті істер басталды. Профессор-оқытушы құрамының өткен оқу жылынан жүктемесі азайтылды, жалақысы көтерілді. Силлабус көлемі қысқарды.

Оқу-әдістемелік құралдар дайын болған кезінде ғылыми кеңеске ұсынылып, тез жариялануына жағдай жасалады. 22 педагогке оқытушы-зерттеуші санаты берілді. Бұл категорияны көбейте береміз. Жалақысы да жоғарыла
Чапайқызы тек проф
мының ғана емес,
ететін өзге қызметк
ның осы оқу жылынан
ға көтерілгенін жария

Сонымен қатар
орай барша ұжымға
хабарлады. Осында
қамқорлықтың алдағы
дық істерге жұмылд
тыратыны анық. Ме
ра Қарабасова бір то
және жоғары білім м
ардагері» медалін, ун
берген Жұбанов» ме
өз Алғыс хатын табы



# рқашан жоғары



айды», — деп Лаура
ессор-оқытушы құра-
университетте еңбек
ерлердің жалақысы-
н бастап 17-20 пайыз-
лады.
Ұстаздар мерекесіне
а сыйақы берілетінін
ай нақты әлеуметтік
ы атқарылатын ұжым-
ырып, бірлікті жарас-
рекелік шарада Лау-
оп ұстазға ҚР Ғылым
министрлігінің «Еңбек
иверситеттің «Құдай-
далін, сонымен қатар
стады.




## ӨҢІР ҰСТАЗДАРЫН ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Ұстаздар күніне арналған салтанатты жиында Ақтөбе облысы әкімі Ералы Тоғжанов өңір ұстаздарын кәсіби мерекесімен құттықтап, олардың қоғамдағы орны әрқашан ерекше екенін айтты.

«Әр адамның артында ұстаз тұрады. Сондықтан ұстаздар тәуелсіздік тұғырында еліміздің туын желбіретті десек артық болмас. Өскелең ұрпаққа халқымыздың баға жетпес жетістігі — тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау — әрбір қазақстандықтың басты міндеті екенін ұғындыру керек. Ол үшін қайратты, намысшыл, рухы биік жастарды тәрбиелейтін орта керек. Ал мұнда мұғалімнің рөлі өте жоғары. Ел болашағын сезінетін, оның намысын қорғап, мемлекетіміздің туын биікке желбірететін ұл-қыздарымызды тәрбиелеп отырған — ұстаздар», — деген Ералы Тоғжанов мерекеге шақырылған үздік педагогтер мен білім саласының ардагерлеріне ерен еңбектері үшін алғысын білдірді.

Салтанатты жиында ерекше жетістіктері мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ұстаздар мен еңбек ардагерлеріне ҚР Оқу-ағарту министрлігінің марапаттары, облыс әкімінің және халықаралық ұйымдардың Алғыс хаттары табысталды. Облыстық байқаудың қорытындысы бойынша «Ақтөбе облысының үздік мұғалімі» атанған 5 мұғалім 1,5 миллион теңгеден ақшалай сыйлыққа ие болды, ал «Ақтөбе облысының құрметті мұғалімі» атанған 3 мұғалімге 900 мың теңгеден сыйақы берілді. Ақтөбе облысының барлығы 100-ден астам білім саласының қайраткерлері түрлі марапаттармен наградталды.

«Мемлекет басшысының Жаңа Қазақстанды құру идеясын жүзеге асыруда білім беру жүйесі ерекше орын алады. Облыста 300 мыңға жуық бала бар — бұл облыс халқының 30 пайызы. Бұл елдің болашағы. Жаңа Қазақстанның қалыптасуын балабақша қабырғасынан бастау керек. Мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бүгінгі таңда ұстаздарға қойылып отырған міндет — жастарды құндылыққа бағдарлай отырып тәрбиелеу», — деп аймақ басшысы ұстаздар қауымына сенім жауапкершілігін де жүктеді.

Жиында өңірдегі білім беру саласының өзекті мәселелері мен жетістіктері де сөз болды.

Үстіміздегі жылдың қорытындысы бойынша облыста 26 балабақша мен 6 мектеп пайдалануға берілмек. Барлығы 4,4 млрд теңгеге 14 мектептің құрылысы жүргізілуде. Қосымша білім берумен оқушылардың 78,5%, ал балабақшалар 3 пен 6 жас аралығындағы балалардың 100% қамтылған. 814 млн теңгеге 6 ауылдық колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Колледжderде білім алуға мемлекеттік тапсырыс көлемі 5350 орынға дейін ұлғайтылды.

Салтанатты жиында наградталғандар қатарында Zhubanov University екі ардагер ұстазы бар. Бар өмірін сапалы маман дайындап, тәрбиелеуге арнаған ұстаздар философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы мен физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Аспет Қағазбаеваға Ералы Тоғжанов білім саласындағы жоғары награда «Мамандыққа адалдық» төсбелгісін тапсырды.

**Бетті дайындаған**
**Гүлнара Дауылбайқызы**





Region

Арнайы беттер
Алға ауданы

# УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН



**Алға ауданы Ақтөбе облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлінісі.**
**Аумағы 7,5 шаршы км. Алға ауданындағы 33 елді мекен — 1 қалалық, 13 ауылдық округке біріктірілген. Олар: Алға қалалық округі, Ақсай, Бесқопа, Бестамақ, Қарағаш, Қарабұлақ, Қарақобда, Қарақұдық, Маржанбұлақ, Сарықобда, Тамды, Тоқмансай, Үшқұдық ауылдық округтері.**
**Алға ауданы батысында Қобда, солтүстігінде Мәртөк ауданы және Ақтөбе қаласымен, шығысында Хромтау, оңтүстігінде Мұғалжар, Темір аудандарымен шектеседі. Алға ауданына республикалық маңызы бар орталық көлік жолдарымен және теміржол магистралі арқылы баруға болады.**
**Алға ауданы қыратты-жазық жерде орналасқан. Аудан аумағында Тасқаралы, Бесоба сияқты биік, сонымен қатар басқа 10-шақты кішігірім таулар бар. Кен қазбаларынан тас көмір, мұнай, фосфорит, құрылыс материалдарын, т.б. кездестіруге болады. Ауданда қопарғыш заттар шығаратын, экотон өндіруге арналған шикізат дайындайтын, құрылыс материалдарын дайындайтын, органикалық заттар шығаратын кешенді утилизациялау орталығы, ірі қара бордақылаумен айналысатын шаруашылық тәрізді өндіріс, өнеркәсіп және шаруашылық орындары орналасқан.**

## КӨКІҰЛЫ ЕСЕТ БАТЫР МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІ





**Нұрбол Ержанов**
**Ақтөбе облысы**
**Алға ауданының әкімі**

Нұрбол Ержанов Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының, М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының түлегі.

Еңбек жолын 2008 жылы «КазПромСтройГрупп» ЖШС-ің менеджері болып бастаған. Әр жылдары жеке кәсіпорындарда түрлі басшылық лауазымдарда болды. Астана қаласы көлік прокурорының көмекшісі, «Новая Эра» ЖШС директоры, Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің аппаратында бас маман, Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласының әкімі болды.

2018 жылдың қараша айынан 2021 жылдың ақпанына дейін Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Ақтөбе облысы Алға ауданы, Ақтөбе-Астрахань тас жолының бойында, Бестамақ елді мекенінің күншығыс жағында, Елек өзенінен өткен жерде биік қырдың басында батыр бабаның еңселі кесенесі тұр. Қыр етегінде қонақ үй, тілеухана, музей, шаруашылық бөлмелері бар. Есет Көкіұлы — батыр, қолбасшы, тархан, Жетіру тайпасының аға биі, батасы қабыл болған әулие. Ол туралы тарихи деректер Орынбор облыстық мемлекеттік архивінде, Санкт-Петербург Орталық мемлекеттік тарих архивінде (ЦГИА), Москва орталық мемлекеттік әскери тарих архивінде (ЦГВИА), Алматыдағы ҚР ОМА және Ташкент орталық мемлекеттік архивінде сақталған. Патшалық Ресейдің елші-офицерлері Тевкелевтің күнделіктерінде, Неплюевтің жазбаларында есімі аталады. XVIII-XIX ғғ. қазақ-орыс, қазақ-жоңғар және қазақ-қалмақ қатынастарын зерттеуге арналған жазбаларда Әбілқайыр хан, Табын Бөкенбай батыр, Шақшақ Жәнібек батыр, Тайлақ батырлармен қатар айтылады. Аталған кезеңге қатысты зерттеу еңбектерін жазған А.И.Левшин, В.Н.Витевский, И.И.Крафт, Н.Г.Аполова, Е.Б.Бекмаханов, Ж.Қасымбеков, И.В.Ерофеева өз шығармаларында Тама Есет батыр тұлғасына арнайы тоқталып өтеді. Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесінде батырдың өте беделді тұлға болғандығы анық байқалады. Сонымен қатар ауыз әдебиеті мен аңыз әңгімелерде Есет батыр есімі жиі кездеседі. Батырдың туған жәнe марқұм болған жылдары туралы бірнеше нұсқа бар, талас көп.

Есет Көкіұлы 1667 (1669) жылы дүниеге келген. Шыққан тегі Кіші жүздің Жетіру тайпасына қарасты тама руынан. Шежіре бойынша Атамшал-Торым-Базарқұл-Көкі-Есет болып жалғасады. Есеттің әкесі Базарқұлұлы Көкі де заманында аты шыққан батыр болған. Жауға үнемі тайсалмай тура шабатындықтан «Таймас батыр» деген ат алған. Атақты Орбұлақ шайқасында Салқам Жәңгір хан жоңғардың Батур қонтайшысына қарсы шайқасып жатқанда жиырма мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде осы Көкі батырдың да болғандығын, сонда оның шеп бұзып, үлкен ерлік көрсеткені туралы дерек кездеседі. Есет те ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Тәуке ханның тұсындағы жеңісті шайқастарда Есет батыр Кіші жүз қолын бастайды. Осындай шайқастардың бірінде найзагерлігімен көзге түсіп, ерен ерлік көрсеткен Есетке риза болған Тәуке хан соғыстан кейін шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата беріпті деген әңгіме де бар. Әрі батыр, әрі аузы дуалы Көкі өз ұлдарының болашағы жайлы: «Өзімнен өргеннің бір буыны тең болар, қалғаны қара болар» деген екен. Ал Есет батырдың нағашы жұрты алты ата әлімнен тарайтын ақ кетелер. Анасы Назым ақ кете руының биі Балпаштың қызы. Назымнан кейінгі екі ұлы, яғни Есет батырдың туған нағашылары — Әжібай би мен Арал батыр. Жалпы Есет батырдың айналасында атақты тарихи тұлғалар өте көп айтылады. Батырдың өзі Табын Бөкенбай батырдың туған қарындасына үйленген күйеу баласы. Есет батырдың Меңсұлу атты қызы Адайдың Жанәлі деген жігітіне тұрмысқа шығып, одан Мырзағұл атты ұл болады. Ал Мырзағұлдың ұлы бүкіл түркі жұртына есімі таныс — Пір Бекет ата. Есет батыр-

# БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

дың туған інісі Есеннің Тәжі есімді қызы Шекті Киікбайға ұзатылған, одан Нұрмұхамед туған. Нұрмұхамедұлы Жанқожа батыр — Сыр бойы қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісін басқарған тарихи тұлға. 1710 жылдан бастап Есет батыр бүкілқазақтық, жалпыұлттық шаруаларға батыл араласа бастайды. Соның бірі — әйгілі Қарақұм құрылтайы. Бүкіл қазақ өкілдері бас қосқан ұлы жиында екі мәселе қаралады: біріншісі — жоңғарларға қарсы азаттық күрес, екіншісі — Кіші жүзге хан сайлау. Бірінші мәселе бойынша тартыс туындап, дау ұзаққа созылады. Сондағы Табын Бөкенбай батырдың құрылтайда айтқан жалынды сөзі қазақ әскеріне мықты жігер берген. «Уа, ағайын! Жауларымыздан кек аламыз, қасық қанымыз қалғанша шайқасып өлеміз! Ауылдарымыздың күл болып, қыздарымыздың күң болғанына қалайша төземіз?! Қоян секілді қашқанша, шайқаста өлген артық. Мініңдер атқа, еріңдер соңымнан!». Осы құрылтайда Кіші жүздің ханы болып Әбілқайыр сайланған. Сол уақыттан бастап 1748 жылға дейін Бөкенбай, Есет, Жәнібек батырлардың есімі хан Әбілқайырмен бірге аталады. 1729-1730 жж. Аңырақай шайқасында Есет батыр Кіші жүз әскерін басқарған ту ұстаушы болған. Патшалық Ресей 1742 жылдың 30 тамызында тархан атағын Шақшақ Жәнібек батырға берген. Ал екінші рет тархан шені 1743 жылы 3 шілдеде Есет Көкіұлына берілген. Батырға тархан атағын беру себептерін тарихшы Закратдин Байдосұлы: «Біріншіден, қазақтың қалың қауымы арасында екеуінің, Жәнібек пен Есеттің кіршіксіз абырой иесі екендігіне мән беріп, олардың елге ықпалының шексіз екендігін еске алып, осы бір екі алыптың қолдары арқылы отарлау саясатының шоғын көсегісі келді; екіншіден, осылайша қызғаныш тобына қақталатын қалған сұлтандардың, старшиналар мен билердің тархандық дәрежеге арманын қоздыру; сөйтіп оларды патша әкімшілігінің дегенін істеп, айдағанына көнетін құлаққкесті құлына айналдыру; үшіншіден, Жәнібек пен Есет батырға шен бере қолпаштай отырып, олар арқылы бүкіл қазақ жамағатын Ресейге, патша тағына бас идіріп ұстау, төртіншіден, Жәнібек пен Есетті өз үйірлеріне тарту арқылы соңғы кезеңдерде патша өкіметінің саясатына қайшы келіп отырған Әбілқайыр ханды ең шынайы ортасынан айыру, сөйтіп халық арасындағы беделін сетінету...» — деп талдайды. Бірақ қазақ батырлары ел намысын атақ-дәрежеге айырбастаған жоқ. Халыққа қатер төнгенде ылғи ат үстінен табылды. Көптеген әдебиеттерде, әсіресе ғылыми энциклопедиялық еңбектерде Есет Көкіұлының қайтыс болған жылдары 1749 жылы деп жаңсақ көрсетіліп келді. Кейінгі тарихи зерттеулер негізінде батырдың жау қолынан 1757 жылы қаза тапқаны жазылып жүр. Ауыз әдебиеті деректерінде «Есет батыр тоқсан бес жастан асқан шағында қаза тапқан» деп көрсетіледі. Халық жазушысы Әбіш Кекілбай деректерінде батыр бабаның жасы жүзге жақындап барып қайтыс болғаны айтылады. Халық санасында Есет батыр әулие ретінде танылған. Ел арасында «Мәдинада — Мұханбет, Түркістанда — Қожа Ахмет, Ақтөбеде — Ер Есет, Маңғыстауда — Пір Бекет», «Ердің соңы — Есет, Пірдің соңы — Бекет» деген сөздердің айтылуы бекер емес. Жыл мен аптаның кез келген уақытында адамдар мазарға арнайы келіп, батырдың рухына дұға бағыштап, қасиетті орын ретінде тағзым етіп жүр. Бүкіл саналы ғұмырын ел бірлігі мен тыныштығы жолына арнаған батыр баба есімі қандай құрметке де лайықты.

Қазір Ақтөбе қаласында және бірнеше аудан орталығында Есет Көкіұлы есімімен аталған көшелер бар. Ақтөбеде «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» ашылды. Көздерінде намыс оты жарқылдаған 250 оғлан Олимпиадалық спорттың сегіз түрі бойынша тер төгіп жүр. Талантты жастар түгел аудандық жарыстан бастап әлем чемпионатының жеңімпаздары. Қай заманда да «Елдің атын ері шығаратыны» анық.

**Айшуақ Дәрменұлы**
**тарихшы**
**DANAqaz журналы**
**2019 жыл(44)**

**РЕДАКЦИЯДАН.**

**Есет батыр Көкіұлының 355 жылдығы қарсаңында ұлы қолбасшының кесенесі мен қорымына жол салынды.**

**Жол төсеу жұмыстары облыс әкімі Ералы Тоғжановтың тапсырмасы және тікелей бақылауы бойынша, демеушілік қаражатқа орындалды. Ұзындығы 4,1 шақырым жолды асфальттау жұмыстары “Сине Мидас Строй” БК” ЖШС-мен жүзеге асырды.**

**Е.Тоғжанов аяқталған жолды арнайы барып қарап шықты, қысқа мерзімде сапалы жөндеу жүргізгені үшін құрылыс-жол компаниясының өкілдеріне алғысын білдірді.**

**Қазан айының 7-8 күндері Ақтөбе облысында Есет батыр Көкіұлының 355 жылдығына арналған ауқымды шаралар өтеді. Театрландырылған қойылымдардан, концерттік бағдарламалардан басқа ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар, оның ішінде аламан бәйге өтеді, бас жүлде — автокөлік.**






## ШИПАГЕР ШИПАЖАЙЫ

Өңір басшысы Ералы Тоғжанов жуырда Алға ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысу сапарында аудан орталығындағы Шипагер шипажайының жұмысымен танысты. Шипажайдың іргетасы 1967 жылы қаланған. Шипажай республикадағы ТОП-10 шипажай қатарында. Санаторий бір мезгілде 120 адамды қабылдай алады. Мұнда еліміздің түпкір-түпкірінен емделіп, демалуға келушілер өте көп. Әсіресе “Алғабастың балшығымен” емделуге тілек білдірушілер уақыт сайын көбеюде.

Шипажайдың бас дәрігері Әлия Өтепбергенованың айтуынша, мұнда келушілер тұзға, балшыққа түседі, массаж, парафин алады. Мұндай ем түрлері — омыртқа, бел, буын ауруларына бірден-бір шипа.

“Біздің шипажайда бір күндік демалыс пен ем ақысы 13 мың теңгеден басталады. Оған бірқатар емдік шаралар кіреді. Мамандарымыз келушілерді жан-жақты тексеріп, денсаулығына қарай ем береді. Жалпы, келіп демалушылар үшін барлық жағдай жасалған: 4 мезгіл тамақ, түрлі көпшілік шаралар. Көп жағдайда қыс, көктем айларында жеңілдіктер қарастырылады. Жаз айларында бізге келушілер көп”, — дейді бас дәрігер.

Region

Арнайы беттер
Алға ауданы

# УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

Ақтөбе облысы Алға ауданынан Zhubanov University өңірлік университетінде бакалавриатта — 333, магистратурада — 12 білім алушы оқып жатыр. Олардың ең ерегі — Зухра Шырақбаева. "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығының 4-курс студенті. Білімді мыңды жыққан заманда бәсекеге қабілетті, өмір салты белсенді. Жан-жақты. Еңбекқор. Сұқбатты жүргізуші Гүлнара Дауылбайқызы.



## ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ АДАМДЫ БАҚЫТТЫ ЕТЕДІ

**— Зухра, университеттің соңғы курсы қалай өтіп жатыр? Мамандығыңызды толық меңгердім деп ойлайсыз ба?**

— Студенттік шағымның аяқталуына да аз айлар қалды. Адам өмірінің ең бір ұмытылмас кезеңі. «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығында ағылшын және неміс тілдері бағытында білім алудамын. Ағылшынша бұрын білетінмін, ал неміс тілімен университетте таныстым. Өте ұнайды. Аса қызығушылықпен меңгердім. Әр жаңа тілді меңгеру арқылы адамның ой-өрісі артып, жаңаша дамиды деп ойлаймын.

Жалпы университет қабырғасында жүріп, мол жетістіктерге жеттім. Ректордан белсенді студент болғандықтан бірнеше рет Алғыс хат алдым. Ата-анама да Ректор атынан Алғыс хат табысталды. 2021 жылы Құдайберген Жұбанов атындағы стипендия жеңімпазы болдым, 2021-2022 оқу жылында оқу ақысына 50% жеңілдік алдым. 2022-2023 оқу жылында оқу ақысына жеңілдікке үміткермін.

Мен үшін ең үлкен жеңіс ол — оқу барысында білім, ғылым, өнер, спорт саласына қосқан айырықша еңбегім үшін 2020 жылдан бастап, осы 2022 жыл бойы "Қазақстан және ТМД елдерінің Үздік студенті" атанып, төс белгі мен куәлік алып, марапатталғаным.

**— Әр жазда қабылдау комиссиясында жұмыс істейді екенсіз. Онда немен шұғылданасыз? Талапкерлерге кеңес бересіз бе?**

— Мен үшін қабылдау комиссиясында жұмыс жасау қызық болды. Ең алдымен ол өте үлкен тәжірибе деп түсінемін. Кәсіби бағдар және қабылдау комиссиясы бөлімінің басшысы — Жалтырбаева Рауан Серікбайқызына алғысым шексіз. Үнемі үйретуден, қолдау көрсетуден шаршаған емес. Өзім де осыдан үш жыл бұрын абитуриент болдым ғой. Сондықтан екі жақты да жақсы түсінемін. Қазір көп салада қызмет көрсету цифрландырылған. Біздің университетте де талапкер құжаттарын электронды қабылдау бар, сол шаруаларды атқардық. Әр жастың мамандықты өз қалауымен таңдағаны дұрыс деп ойлаймын. Талапкерлерге осы туралы, түйіп-білгеніммен бөлісіп, түсіндіріп отырдым. Жүрек қалауымен таңдаған мамандық адамды бақытты етеді, оған қызығушылығын күн сайын арттыра береді. Маған қабылдау комиссиясында жұмыс жасаған өте қатты ұнады.

**— Университет кинозалына басшылық етіпсіз?..**

— 2020-2021 жыл аралығында «Zhubanov CINEMA» кинозалында басшылық еттім. Көп студенттермен жақын таныстым. Мотивация беретін, тәрбиелік маңызы зор және де өмірге құштарлық оятатын фильмдер көрсетілді. Бүгіннің жастары «фэнтези» жанрын сүйіп қарайды. Бірақ біздің басты мақсатымыз осы клуб арқылы қазақ фильмдерін насихаттау, қазақ әдет-ғұрпын өзге ұлт студенттеріне таныстыру болды. «Zhubanov CINEMA» кинозалында нәтижелі жұмыс атқаруыма себепші болған менің командам. «Жалғыздың шаңы шықпас» дегендей командаммен жоғары деңгейде жұмыс жасадық, біраз жетістіктерге жеттік. Біздің «Zhubanov CINEMA» кинозалы басқа студенттік клубтар арасында «Жыл үздігі-2021» номинациясын жеңіп алды.

**— Алға ауданы облыс орталығына ең жақын орналасқан жердің бірі. Онда тұратын жастардың үлес салмағы қанша? Немен айналысады? Жұмыс орындары жеткілікті ме?**

— Алға қаласы облыс орталығынан 40 км.-дей жерде орналасқан. Алға ауданында 45 мың адам бар. Соның ішінде Алға қаласында 25 мыңға жуық тұрғын тұрады. Бастапқыда Алға қаласы станция болған. 1930 жылы химиялық зауыттың іргe тасы қаланып, онда зауыт жұмысшылары тұрған. Зауыт минералды тыңайтқыштар шығарды. 1961 жылы Алғаға «қала» статусы берілді.

Қазір Алға қаласында индустриалды-техникалық колледжі, 5 жалпы білім беретін орта мектеп, 1 музыка мектебі, 8 бала-бақша және тағыда басқа көптеген нысандар бар. Қала халқы қарқынды өсіп келеді. Қаламыз жылдан жылға көркеюде.

Мен Алға мектеп-гимназиясының ең алғашқы түлегімін. Мектебімде де белсенді оқушы болдым. Көптеген олимпиада ойындарына қатысып, жүлделі орындар иеленген болатынмын. Би үйірмесіне де қатысып, көптеген жарыстарға бардым. Менің жетекшім — Жұмабаева Бақтыгүл Ерғалиқызы. Алға қаласының ең мықты хореографы. Көптеген қала, аудандарға барып, жеңістерге жеттік. Алғада Жастар ресурстық орталығының мүшесі болдым. Орталықтың басты мақсаты жастардың бос уақытын тиімді пайдалану арқылы қала-аудан халқына әртүрлі іс-шара ұйымдастырып, көңілдеріне қуаныш сыйлау.

**— Қазіргі заманның жастарын не толғандырады? Замандастарыңызбен қандай тақырыпта көп сөйлесесіздер? Не қызықтырады? Не мазалайды?**

— Қазіргі бар ойым тек дипломдық жобама бағытталған. Ойдағыдай қорғап шыққым келеді. Білікті маман болсам деймін. Университетте алған білімімді еңбекте жаратсам деймін.

**— Алда қандай жоспарыңыз бар? Мақсатыңыз айқын ба?**

«Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан», — деп Абай атамыз айтқандай, әр адам өмірдегі, өз орнын табуы, өз мақсатын білуі керек. Мен де өмірдегі өз жолымнан адаспай, еліме адал қызмет етуді армандаймын.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



# ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА БЕСІНШІ ЖОЛДАУЫ

Қыркүйек айының 1- күні ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Бұл оның Президент лауазымына кірiскеннен бергі 5-ші Жолдауы.

"Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат-бизнес-мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады", — деп Жолдауының кіріспесін бастаған Мемлекет басшысы еліміздегі реформалардың "Жаңа экономикалық саясат", "Нақты секторды дамыту", "Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция", "Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту", "Заң және тәртіп" нақты бағдарларына тоқталды.

Zhubanov University өңірлік университеті ұжымы Жолдауды тікелей эфирден қарап, алдағы болатын оң өзгерістерге қолдауын білдірді. Жоғары оқу орны басшысы Лаура Карабасова өз пікірінде "Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында әдеттегідей білім беру саласына, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары білім беруге дейінгі өзекті мәселелерге арнайы тоқталып өтті.

Біздің университет батыс өңірдегі іргелі жоғары орны, бізге оқуға түсетін студенттердің әлеуметтік жағдайы әр түрлі. Өкінішке қарай, мемлекеттік грантқа барлығы бірдей қол жеткізе бермейді. Дегенмен жастардың сапалы білім алуы өте маңызды. Жыл сайын университет аз қамтылған отбасылардан шыққан және ата-анасыз қалған студенттер үшін үлкен әлеуметтік жеңілдіктер береді. Десе де университет бюджеті шектеулі. Сондықтан Президенттің әр түрлі деңгейде білім беру гранттарын тағайындау туралы шешімі орынды. Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де берілетіні айтылды.

Сонымен қатар, педагогикалық және инженерлік бағыттағы жоғары оқу орны ретінде бүгін айтылған педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты біз үшін маңызды. Педагогикалық кадрларды дайындаудың жаңа тәсілдері мен сапаны қамтамасыз етудің жаңа тетіктері қажет. Биыл біз педагогикалық практика уақытын ұзарттық, практика тәлімгерлеріне қойылатын талаптарды күшейттік, жаңа пәндер енгіздік және академиялық талаптарды күшейттік.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі Жолдауда айтылған мәселелер біздің отандық білім беру сапасын арттыруға бағыттайды. Бұл бағытта жаңа құрылған министрлікпен жұмысты бастап та кеттік", — деді.

# ПЯТОЕ ПОСЛАНИЕ КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА НАРОДУ КАЗАХСТАНА

1 сентября Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев озвучил свое очередное Послание народу Казахстана. Это его пятое послание с момента вступления на должность президента.

«В этом году мы вступили в новый период. Наш народ поддержал направление политической модернизации на всенародном референдуме. Конституционная реформа стала очень важным шагом на пути к созданию нового, справедливого Казахстана. Политическая модернизация в нашей стране теперь должна быть продолжена экономическими изменениями.

Мы принципиально изменим отношение «Гражданин — бизнес — государство». Государство, прежде всего, предоставляет всем равные возможности и устанавливает справедливость. Это гарантирует высокий уровень обслуживания на благо общества. Мы поддерживаем граждан из социально уязвимых групп. Также помогаем людям с инвалидностью. Назначен Омбудсмен при Президенте. Государство поддерживает экономическую свободу. Однако оно максимально защищает людей от влияния рыночной нестабильности. Это позволит максимально развивать малый и средний бизнес», - сказал Глава государства в своем вступительном слове. Он остановился на таких конкретных направлениях как «Новая экономическая политика», «Развитие реального сектора», «Стратегические инвестиции в будущее страны», "Обновление государственного управления", "Правопорядок".

Коллектив Zhubanov University наблюдал за выступлением в прямом эфире и выразил поддержку грядущим позитивным изменениям. Руководитель вуза Лаура Карабасова поделилась мнением о новых ориентирах, озвученных Президеном: «Глава государства в своем Послании народу, как обычно, сосредоточил внимание на сфере образования, включая актуальные вопросы от дошкольного до высшего образования. Наш университет занимает принципиально более высокое место в западном регионе, и социальный статус обучающихся у нас студентов разный. К сожалению, не у всех есть доступ к государственному гранту. Однако для молодежи очень важно получить качественное образование. Ежегодно университет предоставляет большие социальные выплаты студентам из малообеспеченных семей и детям-сиротам. Однако бюджет университета ограничен. Поэтому решение Президента о выделении образовательных грантов разного уровня является закономерным. Было сказано, что на образование будет предоставлен льготный кредит с годовой ставкой 2-3 процента. Кроме того, как для педагогического и технического вуза, для нас важен упомянутый новый стандарт аккредитации педагогических вузов. Необходимы новые способы подготовки педагогических кадров и новые механизмы обеспечения качества. В этом году мы продлили длительность педагогической практики, усилили требования к наставникам практики, ввели новые предметы и повысили академические требования.

Словом, вопросы, затронутые в Послании, ориентируют нас на повышение качества отечественного образования. И мы начали работу с вновь созданным министерством в этом направлении".

# THE FIFTH STATE OF THE NATION ADDRESS BY PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN KASSYM-JOMART TOKAYEV

On September 1, President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev announced his next State of the Nation Address to the people of Kazakhstan. This is his fifth Address since taking office as president. "This year we have entered a new period. Our people supported the direction of political modernization in a nationwide referendum. The constitutional reform has become a very important step towards the creation of a new, just Kazakhstan. The political modernization in our country must now be continued by economic changes.

We will fundamentally change the attitude "Citizen - Business - State". The state, first of all, provides everyone with equal opportunities and establishes justice. This guarantees a high level of service for the benefit of society. We support citizens from socially vulnerable groups. We also help people with disabilities. Appointed Ombudsman under the President. The state supports economic freedom. However, it protects people as much as possible from the influence of market instability. This will allow developing small and medium-sized businesses to the maximum," the Head of State said in his opening speech. He affected on such specific areas as "New Economic Policy", "Development of the Real Sector", "Strategic Investments in the Future of the Country", "Renewal of Public Administration", "Law and Order".

The Zhubanov University team watched the live performance and expressed their support for the upcoming positive changes. The head of the university, Laura Karabasova, shared her opinion on the new guidelines voiced by the President: "The Head of State, in his Address to the people, as usual, focused on the field of education, including topical issues from preschool to higher education.

Our university occupies a fundamentally higher place in the western region, and the social status of our students is different. Unfortunately, not everyone has access to a government grant. However, it is very important for young people to get a quality education. Every year, the university provides large social benefits to students from low-income families and orphans. However, the university's budget is limited. Therefore, the decision of the President to allocate educational grants of various levels is natural. It was said that a concessional loan with an annual rate of 2-3 percent would be provided for education. In addition, as for a pedagogical and technical university, the mentioned new standard for accreditation of pedagogical universities is important for us. New ways of training teachers and new quality assurance mechanisms are needed. This year we have extended the duration of teaching practice, strengthened the requirements for practice mentors, introduced new subjects and increased academic requirements. In a word, the issues raised in the Address orient us towards improving the quality of domestic education. And we started working with the newly created ministry in this direction."

☑ Atmospheric meetings

# ПЛАКАТ С НАДПИСЬЮ «ZHUBANOV UNIVERSITY» НА ВЕРШИНЕ ЭВЕРЕСТА



**На встрече со студенческой молодежью известному альпинисту Ибрагиму Сабирову передали тканевый плакат с надписью «Zhubanov University». Его скалолаз развернет на самой высокой точке планеты - вершине Джомолунгма горы Эверест.**

**54-летний альпинист из Актобе уже покорил 6 гор. Он воодушевленно рассказывал, что человек может осуществить свою мечту, если будет стремиться к ней и готовиться. Хотя в случае Ибрагима Сабирова восхождение не было целью всей жизни. Конечно, он вел активный образ жизни, занимался горнолыжным спортом, благотворительностью. Отучился на юриста. Создал семью. Об альпинизме имел лишь малейшее представление. Однажды кто-то из друзей предложил совершить восхождение на Эльбрус. Это было в 2018-м, когда будущему восходителю исполнилось 50 лет. Ибрагим Сабиров покорил гору в день летнего солнцестояния. Он считает это совпадение сокральным. Дальше для него лучше гор были только горы.**

**Студенты исторического факультета, для которых организовали атмосферную встречу с альпинистом, задавали Ибрагиму Сабирову очень много вопросов. Спикер охотно отвечал на интерес молодежи открытыми рассказами из реалий скалолазов. Представляем читателям самые удивительные тезисы встречи.**

**Встреча была организована отделом развития предпринимательства Zhubanov University.**

## В 50 лет жизнь только начинается

Впервые Ибрагим Сабиров взошел высочайшую горную вершину Европы в 2018 году. Он поднялся на самую высокую точку Эльбруса, на 5 642 метра. Ему на момент восхождения было 50 лет.

«В 2018 году друг предложил сходить на Эльбрус, и я согласился. На высоту 5 642 метра мы поднялись 22 июня, в день летнего солнцестояния. На высоте я понял, что это то, чем я хочу заниматься всю жизнь. Я загорелся альпинизмом. Мне было достаточно подняться, увидеть и влюбиться навсегда в горы. Да, акклиматизация далась тяжело, не хватало кислорода. Но это ничто по сравнению с тем, какие эмоции испытываешь, когда преодолеваешь все, в том числе и страх. Мне не нужны признания и награды, я это делаю, чтобы доказать себе, что я могу. Невозможно описать словами и передать на фото всей красоты, которую я увидел за эти годы. Это многого стоит», поделился эмоциями альпинист.

В феврале 2019 года альпинист поехал в Танзанию и самый высокий вулкан Африки Килиманджаро. А спустя почти год отправился на одну из самых высоких треккинговых вершин в Непале, Мера-пик, на высоту более 6 000 метров. С нее видны пять гималайских 8-тысячников, в их числе Эверест. Позже Ибрагим Сабиров забрался на самый высокий вулкан Азии – Демавенд на севере Ирана.

«На Эльбрус лучше всего ходить летом, в другое время там период дождей. На Килиманджаро лучше зимой, Демавенд – летом. Некоторые поездки уже выпали из-за пандемии. Мы ждали почти год, когда откроют Непал. В итоге на Мера-пик я сходил 22 марта, в день весеннего равноденствия. На самую высокую точку этой горы мы поднимались 10 дней, спускались 3 дня, в итоге из-за непогоды вызвали вертолет. Зависит все от того, как ты подготовлен. Чтобы акклиматизироваться, нужно периодически подниматься на определенную высоту и спускаться. В Непале есть лоджии в горах, но они не отапливаются. Там можно переночевать и поесть за определенную плату. В горах живут семьи с детьми, их называют народ шерпы. С подножья горы сначала идешь в шортах, а по мере высоты постепенно надеваешь теплые вещи. На самом верху уже нужны очень теплые вещи. В горах погода может поменяться в любую минуту. Яркое солнце может смениться вьюгой», - рассказал о жизненно важных лайфхаках альпинистов.



## День рождения на высоте 5 000 метров

Свое 54-летие Ибрагим Сабиров встретил на высоте 5 000 метров, на одной из высочайших вершин Памира – пике Ленина на границе Киргизии и Таджикистана.

О том дне альпинист вспоминает так: «На Памире была погода неблагоприятная. Мы не успели даже сделать фото. На вершине не получится быть больше 15 минут. Поднялся, насладился красотой, сделал снимки и спускаешься. Я очень благодарен своей семье и друзьям за то, что они поддерживают меня и понимают. Вообще, каждая гора уникальна, и я всегда испытываю разные эмоции. Вот кому-то моря, а мне горы. Для меня лучше гор могут быть только горы, на которых еще не бывал.

В каждой поездке я знакомлюсь с интересными людьми. У всех общая тема – любовь к горам. На Аконкагуа, это самая высокая вер-

шина Южной Америки, я познакомился с художником Мигелем, он живет на высоте 4 300 метров. Он всегда ходит босиком, вне зависимости от погоды».

## Покорить и уцелеть

В горах нередко происходят несчастные случаи. А при восхождении на Эверест трупы погибших альпинистов – почти как указатели маршрута.

Ибрагим Сабиров, рассказал, что нужно быть готовыми ко всему: «Как-то у парня из нашей группы была пневмония, его забрали в больницу. К счастью, ПЦР-тест был отрицательный. Иначе нас всех сняли бы с горы и отправили на карантин. На одной из гор сильный ветер сдул американца в пропасть. А у одного россиянина, когда мы уже спустились, остановилось сердце. Был еще случай на пике Ленина, когда уставший мужчина заснул с горелкой, она потухла, и он угорел. Всегда нужно прислушиваться к своему организму. На горах-восьмитысячниках лежат сотни трупов. Не зря Эверест называют горой смерти. Там тела некоторых так и не нашли, а замерзшие трупы других остаются на горных тропах, в расщелинах скал. Любая ошибка в горах может стать фатальной».

## Горы — дорогое удовольствие

Покорение вершин стоит недешево. Помимо перелетов, нужно заплатить за само восхождение и получить официальное разрешение правительства. Экипировка альпинистов обойдется в круглую сумму, одна только куртка стоит около 500 000 тенге. Самая дорогая поездка у Ибрагима Сабирова была в Аконкагуа, у него ушло порядка 10 000 долларов.

«Любое путешествие – это финансы. Покупаешь билеты на самолет, притом летишь с пересадками, платишь за питание, восхождение, проживание, ПЦР-тесты, гидам, носильщикам. Экипировка очень дорогая.

Чтобы сходить на Эльбрус, нужно заплатить 1000-1500 долларов, на Мера-пик – 2000 долларов, на Эверест – 70 000 долларов, Денали – 80 000 долларов. Кроме самого восхождения в эти цифры больше ничего не входит», - поделился расчетами альпинист Ибрагим Сабиров.

**От имени Zhubanov University проректор по науке и инновациям Рахым Бекназаров вручил альпинисту в подарок мерч и шоппер, изготовленные студентами вуза — резидентами Стартап академии. Также Ибрагиму Сабирову передали плакат с надписью «Zhubanov University», чтобы альпинист, покоряя Эверест, развернул его на самой высокой точке мира.**

**Айерке Султанбекова**

# ☑ Main news

## РЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ЖАСТАР КЕҢЕСІ

Zhubanov University ректоры жанынан Жастар кеңесі құрылды.

Жастар кеңесінің алғашқы отырысына қатысқан ректор Лаура Қарабасова "Біздің университетте Ғылыми кеңес, Директорлар кеңесі, Академиялық кеңес, Ғылыми-техникалық кеңес, Ақсақалдар кеңесі бар.

Дегенмен ол кеңестерде жастардың үлесі өте аз. Жастардың өзінің толықтай даусын көрсететін, пікірін білдіретін, өздеріне ғана тиесілі кеңесі болғанын қаладық», — деп, Жастар кеңесінің университет имиджін нығайтуға қомақты үлес қосатын үлкен күшке айналарына сенім артты. "Стратегиялық маңызды шешімдер қабылдауда жастар дауысы болатын бұл кеңестің негізі функциясы — университет дамуының маңызды мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау",— деп анықтап өтті ректор жастар алдында сөйлеген сөзінде.

Жастар кеңесінің Жарғысы бекітіліп, алдағы жұмысының бағыттары айқындалып, төрағасы сайланды. Жастар кеңесін "Педагогика, психология және бастауыш оқыту" кафедрасының оқытушысы, тұлғалық өсу бойынша тренер, ментор, подкастер, жас маман Райбек Сағадатов басқаратын болды.



"Алдағы уақытта кеңеске жүктелген мәселелер бойынша нәтижелі еңбек болады деп сеніммен айтамын. Біздің көшбасшымыз Лаура Қарабасованың өзгермелі уақыттағы университетті басқару мәдениеті, іскерлігі мен табандылығы маған және біздің кеңес мүшелеріне үлгі-өнеге",— деді Жастар кеңесінің басшысы.

Жастар кеңесіне мүшелікке жастар арасынан шыққан қоғам белсенділері, университетпен серіктес компаниялардың жас өкілдері, жас түлектер, сондай-ақ білім алушылар кіреді.

## МОЛОДЕЖНЫЙ СОВЕТ ПРИ РЕКТОРЕ

Создан Молодежный совет при ректоре Zhubanov University. Ректор Лаура Карабасова, участвовавшая в первом заседании Молодежного совета, сказала: «В нашем университете есть Ученый совет, Совет директоров, Академический совет, Научно-технический совет и Совет старейшин. Но вклад молодежи в работу этих советов очень мал. Назрела необходимость создания отдельного Совета молодежи, члены которого смогут полностью выражать свои голос, мнение и идеи», — сказала она, указывая на роль Совета молодежи в укреплении имиджа вуза. — «Основной функцией этого совета, который является голосом молодежи при принятии важных стратегических решений, является подготовка рекомендаций по ведущим вопросам развития вуза», — пояснила ректор в своем выступлении перед молодыми жубановцами.

Утвержден Устав Молодежного Совета, определены направления дальнейшей работы, избран председатель. Молодежный совет возглавил преподаватель кафедры «Педагогика, психология и начальное образование», тренер по личностному развитию, ментор, подкастер, молодой специалист Райбек Сагадатов.

«Уверен, что и мы будем проводить эффективную работу по возложенным на совет задачам. Культура управления вузом, инициативность и настойчивость нашего лидера Лауры Карабасовой являются примером для меня и членов нашего совета», - сказал председатель Молодежного совета. В состав новой организации входят молодежные общественные активисты, молодые представители компаний-партнеров университета, выпускники и студенты.

## YOUTH COUNCIL UNDER THE RECTOR

The Youth Council was created under the rector of Zhubanov University. Rector Laura Karabasova, who participated in the first meeting of the Youth Council, said: “Our university has an Scientific Council, a Board of Directors, an Academic Council, a Scientific and Technical Council and a Council of Elders. But the contribution of young people to the work of these councils is very small. There is a need to create a separate Youth Council, whose members will be able to fully express their voice, opinion and ideas,” she said, pointing to the role of the Youth Council in strengthening the image of the university. - “The main function of this council, which is the voice of the youth in making important strategic decisions, is to prepare recommendations on the key issues of the development of the university,” the rector explained in her speech to the young zhubanovites.

The Charter of the Youth Council was approved, directions for further work were determined, and a chairman was elected. The Youth Council was headed by a teacher of the department "Pedagogy, psychology and primary education", personal development coach, mentor, podcaster, young specialist Raybek Sagadatov.

“I am sure that we will carry out effective work on the tasks assigned to the council. The university management culture, the initiative and perseverance of our leader Laura Karabasova are an example for me and the members of our council,” said the Chairman of the Youth Council. The new organization includes youth social activists, young representatives of the university's partner companies, graduates and students.

**Басты жаңалықтарды дайындаған**
**Айерке Сұлтанбекова**

☑ University canteens

# Столовые в новом стиле



**В новом 2022-2023 учебном году в корпусах Zhubanov University все столовые были модернизированы по новой модели и сданы в эксплуатацию.**

«В новом учебном году мы встретили наших студентов и преподавателей в кампусах с новыми столовыми и кофейнями.

Изучив мнение студентов в конце прошлого учебного года, разработали новые требования к пищевой цепи, объявили конкурс.

В соответствии с условиями конкурса столовые отремонтированы и оснащены современным оборудованием и мебелью. Сети столовых и кофеен в 5 учебных корпусах университета открывались поочередно. Красивые и атмосферные фуд-зоны будут служить не только как место для приема пищи, но и средой для встреч коллег и студентов.

Я надеюсь, что в новых столовых вы сможете расслабиться и обсудить новые идеи!», — сказала ректор Лаура Карабасова.

Студенты и сотрудники вуза высоко уже оценили столовые нового образца. Блюда из качественных продуктов, доступные цены, зона питания - чистая и эстетичная.

А в учебном корпусе №3, где находится технический факультет, расположилась сеть семейных ресторанов KINZA.

В официальном открытии объекта присутствовала и ректор университета. Она отметила, что открытие современных общепитов является результатом реализации социальных проектов. Также руководитель ВУЗа поблагодарила молодого бизнесмена Аскара Каршагина за активное начало и сказала, что правильно организованное питание – залог здоровья. Университет в скором окажет поддержку и другим социальным проектам в разных сферах.

**Гульнара Караша**


**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова**

**Бас редактор**
Гүлнара Караша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: http://zhubanov.edu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**